

Мемлекеттік қызмет - мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдарда мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі қызметі.

Қазақстанда мемлекеттік әкімшілік қызметке кіру үшін конкурс ұғымына біріккен бірнеше кезеңнен өту қажет. Егер мемлекеттік органда бос лауазымдар ашылған жағдайда, кандидаттарға конкурстық іріктеу жүргізіледі.

Бос орындар туралы хабарландыру Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі сайтында (*бұдан әрі – Уәкілетті орган*), сонымен қатар конкурс жариялаған мемлекеттік органның интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

Сонымен, Қазақстанда мемлекеттік қызметке кіру үшін қандай талап қойылады?

Алдымен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 16-бабымен қарастырылған талаптарға сәйкес болу қажет, атап айтқанда кандидат:

- Қазақстан Республикасының азаматы болу керек;
- 18 жастан асқан, бұл ретте зейнеткерлік жасқа толмаған;
- әрекетке қабілетті;
- Медициналық қорытынды бойынша денсаулық жағдайы, өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілетті;
- мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылмаған;

- мемлекеттік қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылмаған;

- мемлекеттік қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған немесе қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін өзіне қатысты қылмыстық жауаптылыққа тартылмаған;

- мемлекеттік қызметке кіру уақытына заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы ;

- ұқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан және соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша шығарылмаған;

Одан әрі, Сізге келесі кезеңдерден тұратын конкурстан өту қажет:

1. мемлекеттік органның қалаған бос лауазымын таңдау;
2. заңнамаларды білуге арналған тестілеуден өту;
3. жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеу;
4. мемлекеттік органның кадр қызметіне керек құжаттарды тапсыру;
5. әңгімелесуден өту



Атап өткендей барлық бос орындар Уәкілетті органның сайтында «kuzmet.gov.kz» жарияланады, «бос орындарға конкурс» бөлімінде, жұмысқа тұрғыңыз келетін өңірді таңдап, одан әрі «Жалпы конкурс» бөлімін таңдайсыз.



Жарияланған хабарландыруда бос орын туралы барлық ақпарат көрсетіледі, оның ішінде лауазымның атау мен санаты, функционалдық міндеттері, конкурс қатысушыларға қойылатын жұмыс өтілі және білім бойынша талаптар, конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі, құжаттарды қабылдау мерзімі және басқа да ақпарат.

Осы бөлімде өзіңізге лайықты бос лауазымды таңдауыңызға болады. Одан басқа барлық сұрақтарға жауап алу үшін хабарландыруда әрқашан мемлекеттік органның персоналды басқару қызметінің (*кадр қызметі*) байланыс телефондары көрсетіледі.

Бос орынды таңдаған жағдайда Сізге бірінші конкурсқа қатысу үшін хабарландыруда көрсетілген қажетті құжаттарды жинау керек.

Назар ауадарыңыз, құжаттар тізімінде заңнамаларды білуге арналған тестілеуден өту туралы сертификатын және жеке

қасиеттерін бағалауға арналған тестілеу қортындысын тапсыру қажет.



Бұл құжаттарды алу үшін ХҚКО жүгіну арқылы немесе «E.gov» электронды портал арқылы өтініш тапсыру қажет. Сонымен тестілеуден өту үшін жеке куәліктен басқа құжаттар талап етілмейді.

Аталған күні және сол уақытта тестілеу залына жеке куәлігімен келіп тесттен өту (Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 43). Дегенмен тестті конкурстық іріктеу кезінде өту маңызды емес, тесттен алдын ала өтуге болады. Тестілеуден оң нәтиже алған жағдайда Сізге бір жыл бойы күші сақталатын сертификат және қорытынды беріледі, тестілеуден өтпеген жағдайда, бір айдан кейін қайта тапсыруға болады.

Барлық қажетті құжаттарды жинағаннан кейін Сізге жеті күн ішінде мемлекеттік органға тапсыру керек, құжаттарды қабылдау мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күннен кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі.

Құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін конкурстық комиссия Сіздің таңдаған лауазымның біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды. Қарау қорытындысы туралы Сізге телефон

немесе почта арқылы ескертеді, талаптарға сай болған жағдайда, әңгімелесу күні және өтетін мекен-жай туралы хабарлайды.

Шешіммен келіспеген жағдайда, уәкілетті органға немесе сотқа шағымдануға құқылысыз.

Басқа да нақты ақпаратты келесі мекен-жай бойынша білуге болады:

Қостанай қ., Қасымқан көш., 34, 203 каб.

Байланыс телефондары: 8 (7142) 39 16 64

8 (7142) 39 35 56

8 (7142) 39 17 83

Сенім телефоны: 8 (7142) 39 31 65

Интернет-ресурсы: www.kyzmet.gov.kz



«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті» РММ

Мемлекеттік қызметке қабылданатын азаматтарға ақпарат



www.kyzmet.gov.kz

Қостанай, 2018